

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Софистер және Сократ философиясы





Мақсаты – софистер философиясына, Сократ өмірбаянына талдау жасау, сонымен қатар Сократ тұлғасын тарихшы Ксенофонт пен философ Платон көзімен қарастыру.

Жоспары:

1. Софистер философиясы.
2. Сократ философиясы.
3. Сократ Ксенофонт пен Платон көзқарасы бойынша.

Демокрит заманында Абдерадан шыққан жас отандасы Протагор философтардың жаңа тобы – софистердің жетекшісі болды. Софистер қаладан қалаға саяхаттап, түрлі пәндер бойынша білім беретін жиһанкез мұғалімдер еді. Олар өзінің білімін бергені үшін төлемақы алатындықтан, оларды бірінші кәсіби философтар деп атауға болушы еді, дегенмен олар, шын мәнінде, кең мағынадағы философияның аясынан да шығып, халыққа білім берумен қатар басқа қызметтерін де ұсынды. Софистердің ішіндегі ең әмбебабы Элидалық Гипий математика, астрономия, музыка, тарих, әдебиет, мифология маманы болумен қатар, тігінші мен етікші кәсібін де терең меңгерген адам болды. Кейбір софистер математика, тарих және географияны оқытты; және барлық софистер керемет шешен риториктер болды. Олар б.д.д. V ғасырдың ортасында Афинада білім беру арқылы өз кәсіптерін құрды және мұндағы жастар сотта сөз сөйлеп үйрену үшін, саясатқа жол ашқысы келгендер өздерінің білім алуы үшін айтарлықтай қаржы төлеуге дайын еді.

Софистер жүйелі түрде соттағы пікірталастар мен шешендік өнерді зерттеп отырды. Толықтай, олар қоғам мен медиалық тұлғалармен байланыс орнататын мамандардан, оқытушылар, кеңесшілер, адвокаттардан құралған қоғам болды. Софист Протагордың ең атақты «Адам – барлық заттың өлшемі» атты нақыл сөзін Энтони Кенни «жетілдірген релятивистік эпистемология» деп айтады. Бұл тақырыпқа біз келесі дәрістерде тоқталамыз.

Протагор релятивизмінің негізінде әлем жайында нақты онтологиялық түсініктер жатыр. Секст Эмпириктің айтуы бойынша, Протагор «барлық құбылыстардың бастапқы себебі материяда жатыр» деп ойлады. Бірақ, Протагор материяның басты қасиеті – оның объективтілігі емес, тіпті материяда қандай да бір заңдылықты бастаманың болуы да емес, оның өзгергіштігі, ағымдылығында деді. Бұл жерде, Протагор, шамасы, тек релятивизмын ерекше атап өткен гераклиттық диалектиканы асқан бір жақтылықпен түсіндірген Кратилге сүйенген. Егер Гераклит бір өзенге екі рет түсуге болмайды, өйткені түскенге жаңа сулар ағады, тіпті, бір материалдық мәнге екі рет жанасуға болмайды деп айтса, Кратил бір өзенге бір қайта да түсуге болмайды деп пайымдады. Протагор материяның осы әмбебап өзгергіштік қағидасын танушы субъектке қатысты да қолданды: әлем ғана ұдайы өзгеріп отырмайды, сонымен қатар, оны қабылдайтын жанды дене де өзгеріске ұшырайды. Секст Эмпирик былай жалғастырады: «Бұл адам материя тұрақсыз және соның арқасында, азайған жерде үздіксіз молаю туындайды, сонымен бірге, қабылдау дененің жас шамасы мен басқа құрылымына қарай араласып, өзгеріп отырады» дейді. Субъект секілді объект те үздіксіз өзгерп отырады. Бұл тұжырымдамада Протагор софисттер релятивизмын онтологиялық тұрғыдан дәлелдейді. Екінші дәлелде – ешбір нәрсе өздігінен өмір сүрмейді, барлығы басқаларға қатынасында ғана дүниеге келеді деген тұжырым жатыр. Протагордың бұл релятивизмын Платон былайша сипаттайды: «Еш нәрсе өздігінен болмайды, бірақ барлығы әрдайым басқаға қатынасынан туындайды».

Релятивизмның осындай барлық онтологиялық қағидаларының негізінде Протагор батыл гносеологиялық шешімге келеді. Егер барлығы өзгерісте болып, өзінің қарама-қарсылығына айналса, ендеше ол зат туралы екі қарсы пікір айтуға болады. Диоген Лаэртцийдің айтуы бойынша Протагор «әрбір заттың бір-біріне қарама-қарсы екі пікірі бар деп айтқан алғашқы ойшыл».

Протагор қандай да бір сұрақтың екі жақты шабуылына да дайын болды және ол әрдайым ең нашар дәлелден ең ұтымды дәлел жасай алатынын мақтан тұтатынына Энтони Кенни аса назар аударады. Протагордың жаулары кезінде оның өз шәкірті Евалтусқа қаламақыны төлемегені үшін сотқа бергені туралы әңгімені айтуды ұнататын. Евалтус әлі де бір де бір істі жеңбедім деп төлемақы беруден бас тартқан. «Онда, – деген Протагор, – егер мен осы істі жеңсем сіз төлейсіз, себебі үкім менің пайдама шығып тұр, егер сіз жеңсеңіз бәрібір маған төлейсіз, өйткені сіз істі жеңесіз».



Сицилиядағы Леонтиниден шыққан Горгий Эмпедоклдың шәкірті болған және Афинаға Сиракузаға қарсы соғысына көмекке келген тағы бір софист еді. Ол сөзіне сендіретін шешен ғана емес, сонымен қатар антитеза мен риторикалық сұрақтарды қолданып сөйлеудің түрлі тәсілін меңгерген риторика шебері болды. Көне заманда Горгийды азаматтық пен саяси өмірде жетістікке жетудің (оның ішінде, материалды жетістік те бар) тәсілі ретінде түсінген «риторика атасы» және «иландыру жасампазы» деп таныды. Өз заманында оның стилі өте қатты құрметтелді, бірақ уақыт өте келе оған шектен тыс мәнерлі деген баға берілді. Оның еңбектерінен философиялық қызығушылыққа лайық екі қысқа жұмыстары сақталған.

Алғашқысы – троялық Еленаны Париспен бірге қашып кетіп, Троя соғысын арандатқан үшін айыптаушылардан қорғау мақсатындағы риторикалық жаттығу. Бұл қысқа және тапқыр туынды еркіндік пен детерминизм, төтенше жағдайлар, арандатушылық пен қарсы тұруға келмейтін қызулық жайлы көптеген философиялық талқылаулардың арғы атасы есептеледі. Горгий сонымен қатар «Жоқ нәрсе туралы» трактатын жазады, ол өз кезегінде агностицизмнің керемет мысалы болып саналады. Трактаттың негізгі ойы – «Еш нәрсе жоқ; бірақ, егер ол болған жағдайда да ол танылмайды; егер танылса да – басқасына түсіндірілмейді». Бұл үш қағиданы Горгий былай түсіндіреді:

Егер тіршілік мәңгі болса, онда ол шексіз, ал егер ол шексіз болса, онда ол еш жерде жоқ, еш жерде жоқ болса, онда ол жоқ. Егер тіршілік мәңгі емес болса, онда ол мүмкін болмайтын тіршіліктен туындады – бұл мүмкін емес, әйтпесе барлық тіршілік өзінің алдында болады немесе жоқ нәрседен – ол да мүмкін емес, өйткені жоқтан ештеңе бар болмайды. Сонымен бірге, Горгий барлығы жоқ өйткені ол бірегей де емес, көп жақты да емес деген ойды өрбітеді. Егер де бар нәрсе бар болса, ол ойлауға келмейді, өйткені ойланатын нәрсе бар нәрсемен тепе-тең емес, әйтпесе шынайы өмірде Сцилла мен Харибда болушы еді. Егер де бар нәрсе ойлануға келсе, онда ол басқаға түсіндіруге болмайды, өйткені біз сөз арқылы түсіндіреміз, ал сөз белгіленген затпен тең емес және оны түсіндіре алмайды, өйткені керісінше сөзді біз затқа қатынасында түсіндіреміз.

Энтони Кенни осы дәлелдерді сараптап, софизмді түсінгеннен гөрі қабылдамау оңай және оның емін табу да қиын деп айтады. Платонның «Софист» деп аталған диалогінде алғашқы софизм шешілген. Екінші софизм Аристотель логикасымен түсіндірілді. Кеннидің айтуы бойынша, үшінші софизм XX ғасырдағы Витгенштейннің еңбегіне дейін нақты жоққа шығарылмады.

Протагор және Горгийден бөлек, бізге Платонның «Диалогтары» арқылы таныс басқа да софистер белгілі. Кенни софистер туралы тарихи шындық іздеу Шекспирге дейін Король Лирдің немесе Гамлеттің кім болғанын іздеумен бірдей дейді. Біз софистермен осы жерден қош айтысып, кейбір көзқарастар бойынша ең ұлы софист, кейбір пікірлер бойынша қандай да бір софизмнен аулақ нағыз философияның үлгісі деп саналатын Сократқа бет бұрамыз.

Философия тарихында Сократ ешкіммен салыстыруға келмейтін орында. Бір жағынан, ол философияның алғашқы ұлы дәуірінің шыңы және сондықтан нағыз философияның жаңалығы ретінде бейнеленеді. Оқулықтарда Сократқа дейінгі ойшылдардың барлығы Сократқа дейінгілер (пресократтықтар) деп аталады және бұл Сократ философиясының шүбәсіз мәнділігінің бейнесі іспеттес. Екінші жағынан, Сократ жазбаша дәлелдемелер қалдырмады, дегенмен оның осы күнгі философияға ықпалы еңбектерін қалдырған ойшылдардікіне қарағанда теңдессіз.

Ежелгі замандарда ойшылдар Сократты философияның негізін қалаушы санайтын, үлгілі философ ретінде құрметтейтін. Орта ғасырларда оның тарихы аз оқылды, бірақ логиктер немесе метафизиктер мысал келтірген сайын оның аты аталатын: заңгерлер үшін Джон Доу қандай маңызды тұлға болса, «Сократ» та схоласт философтар үшін сондай ойшыл еді. Қазіргі дәуірде Сократтың өмірі әсіресе зорлықта өмір сүргендер мен дәлелсіз идеологияға бағынудан бас тартқан, қуғыннан тайсалмай, тәуекелге барған философтар үшін үлгі болды.

Сократ шамамен б.д.д. 469 жылы Афинада дүниеге келген. Сократтың өмір сүрген уақыты Перикл саясатымен грек әлемінде империя үстемдігі басым болған кезге тұспа-тұс келді. Бұл мәдениет пен әдебиеттің алтын ғасыры еді. Ол кезде Фидий мүсіндер сомдап жатты, Парфенон ғимараты тұрғызылды, Эсхил, Софокл мен Еврипид ұлы трагедияларын жазды. «Тарих әкесі» Геродот Парсы соғыстары туралы әңгімелерін хатқа түсірді, ал Анаксагор болса



Афинада философияны енгізді. Сократ өмірінің келесі кезеңі Афина ақырында Грекиядағы билікті Спартаға беруге мәжбүр болған Пелопоннес соғысы тұсында өтті. Соғыстың алғашқы жылдарында ол жаяу әскер қатарында үш ірі шайқасқа қатысты. Ол Делияда ойсырата соққы алғаннан кейін кері шегіну кезіндегі батылдығының арқасында атақ-абыройға ие болды. Афинаға қайта оралған соң Сократ қалалық жиналыста қызмет атқарды. Осы кезде бір топ қолбасшыға Аргинус аралы маңындағы жеңістен кейін өліктердің денесін қалдырғаны үшін айып тағылды. Қолбасшыларды жекелеп емес, тобымен соттау заңға қайшы әрекет еді, бірақ бұл заңбұзушылыққа жалғыз Сократ қарсы дауыс берді, сөйтіп айыпталғандар дарға асылып жазаланды. 404 жылы соғыс аяқталғаннан кейін, спарталықтар афиналық демократияны озбыр билігімен ұзақ уақыт есте қалған «Отыз тиран» олигархиясымен ауыстырды. Сократ заңсыз бұйрықтарды орындаудан бас тартты, бірақ ол олигархияны құлатып, демократияны қайта орнатқан революцияға қатыспаған сынды. Оның шыншылдыққа деген ниеті демократтарға да, ақсүйектерге де ұнамады. Ақырында саясаткер-демократ Анит өзінің екі жақтаушыларымен Сократқа қарсы айып тағады: «Сократ мемлекет құрметтейтін құдайларды сыйламай, қылмыс жасады, ол басқа жаңа құдайларға табынады. Ол сондай-ақ жастарды азғындатады. Талап ететін жаза: өлім». Сократ ізбасарлары оның өзін қорғап сөйлеген сөзінің әдеби нұсқасын құрастырып қалдырғанымен қолымызда сот барысының жазбалары жоқ. Сөйтіп, аз ғана дауыс басымдығымен кінәлі болып танылып, өлім жазасына кесілді. Түрмеге қамалғаннан кейін діни тәртіпке сай, Сократ жендеттің қолынан у қосылған сусынды ішіп, 399 жылдың көктемінде қайтыс болды.

«Антика философиясының» бірінші тарауында Энтони Кенни сонымен қатар, Сократ философиясы туралы білетін ауқымды дереккөздер туралы жазады.

Сократ өз ойын өзге адамдармен әңгіме құрып, ауызша формада баяндады; бізге жеткен мәліметтерде мұндай әңгімелердің мазмұнын оның шәкірттері Платон мен Ксенофонттың шығармаларынан және мардымсыз түрде Платон шәкірті Аристотель еңбектерінен көре аламыз. Платон мен Ксенофант шығармаларының ауқымдығы және саны көп болғандықтан, бізге Сократ философиясы толыққанды айқын болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жерде кедергіге тап боламыз: Платон және Ксенофант көп жағдайда Сократ ілімін әртүрлі сипаттайды. Бір мысал келтірейік. Ксенофантта Сократ, ожауларға олар жасағаннан да көп зұлымдықпен қайтару керек деген пікірде; ал Платонның Сократы, көпшіліктің пікіріне қарамастан, адамдар қандай да зұлымдық жасағанымен, әлемде ешкімге де өкпе мен зұлымдықпен қайтармау керек деп жауап береді. Осы жерден ғылымда Сократ ілімін қайсысы таза күйінде сипаттағаны жөнінде сұрақ туындайды. Бұл сұрақ біршама әдебиеттердің дүниеге келуіне себепші болды және мүлдем өзгеше шешілді: біреулері Ксенофантты Сократ философиясы туралы мәліметтердің таза дереккөзі деп есептесе, басқалары, керісінше, Ксенофантты ешбір жарамсыз куәгер деп танып, Платонға ерекше ілтипат көрсетеді. Кейбіреулер Сократты сипаттайтын шүбәсіз жалғыз дереккөз Аристофанның «Бұлттар» комедиясы деп есептейді, ол жерде Сократ софист, әрі дінсіз кейпінде көрсетілген. Ақырында, Сократ туралы маңызды куәлік ретінде үш негізгі куәгерді мойындайды: Платон, Ксенофонт және Аристотель.

Кенни байқағандай, Марк пен Иоаннан келген «Інжілде» Исаны қалай ерекшелеп бейнелесе, тарихшы Ксенофонт пен философ Платон да Сократты солай әр қырынан кейіптеген. Марктағы Иса мысалдарда, қысқа афоризмдерде және сұрақтарға қайтарған өткір жауаптары арқылы сөйлейтін болса, төртінші Інжілдің Исасы бірнеше деңгейде жауап табатын кең пайымдаулар береді.

Ксенофонт айтқандай Сократ өнегелі, ұстамды адам болды, сараңдық пен шамшылдықтан аулақ, нәпсісіне ұстамды және жоқшылыққа сабырлы болды. Ксенофонттың мемуарларындағы басты мақсат – Сократты сотта оған қарсы қойылған айыптаулардан ақтап алып, кертартпа афиналықтар оған өлім жазасын қолданбай, қайта оны көзі тірісінде құрметтеу керектігін көрсету болған. Сонымен қатар Ксенофонт Сократты сол дәуірдің басқа философтарынан бөліп алуға талпынды: Анаксагордан айырмашылығы – ол физика немесе астрономияға ешқандай қызығушылық танытпады, софистерден айырмашылығы – ол төлемақы алмады. Ксенофонттың Сократы – әділ, қатаң адам, тәжірибе және этика мәселелерінде тапқыр, дұрыс жауап бере алатын тұлға болған, – дейді Кенни. Талқылауда ол екіұштылықты тез шешеді және философиялық пайымдауларды сирек қолданатын. Кей жағдайда ғана Құдайдың бар екенін және оның көрегендігін дәлелдеу үшін жасады. Сократтың тарихта ауқымды орын алатынын



болжаған Ксенофонт философ ретіндегі Сократқа аз көңіл бөледі және көп жағдайда Платон Сократы кейінгі ұрпақ философтарының елесін көбірек қамтыған деп есептейді Кенни.

Платонның Сократы тек сөз жүзінде қарапайым. Шын мәнінде Сократ өз идеясын айтқаны және Сократтың аузымен айтқан Платонды айыру қиынға соғады. Сократтың өз отандастарына тигізген ықпалын толығымен анықтауға келмейді. Бұл жайында Алкивиад Платондық «Тойда» былай айтады: «біреу сені немесе сенің пайымдауларыңды басқаның аузымен естігенде, ол нашар айтып берсе де, біз, тыңдаушылар, мейлі еркек немесе әйел, тіпті бала болсын, өз өзімізге сыймай, соның ерігінде кетеміз. Кімде кім Сократтың сұхбаттарын тыңдағысы келсе, – дейді Алкивиад, – оған басында аса күлдіргі көрінуші еді... Ол жүк артқан есектер, қандай да бір мыс шебері, етікші, тері илеушілер жайындай айтады; ол бір мәселені әрдайым бір сөйлеммен айтқандай көруі мүмкін, сонда кейбір білімсіз, ой өрісі тар адам оның пайымдауларына күліп қарар еді. Бірақ олардың мәнін ашып, ішкі терең мағынасына үңілсе, басқа да пікірлері секілді зор мағынаға толы, терең құдіретті және өз ішінде ізгіліктің біраз түрін қамтыған; өнегелі болуды қалайтын әрбір адамға тиесілі көптеген мәселелерді көтереді».

Қай диалогтарда Сократ Платонның ұстазы, ал қай жағдайда Платон өз идеяларын баяндап жатқанын анықтау диалогтардың жазу хронологиясына байланысты, яғни ертерек жазылған диалогтарда Платон Сократтың авторитетіне жүгінеді, ал кейінгі диалогтар бізге философиялық тұрғыдан пісіп жетілген Платонды көрсетеді. Диалогтарды хронологиялық тәртіппен реттеуде бастапқы кілтті Аристотель берді, ол Платонның «Заңдары» «Мемлекеттен» кеш жазылғанын айтты. Платонның диалогтарының зерттеу тарихын жете қарастырып, Кенни Платон диалогтарын үш топқа бөлуде жалпы пәтуамен келісуге негіз бар дейді: ерте, ортаңғы және кейінгі. Бұлай бөлу үш бір-бірінен тәуелсіз өлшем жинағымен керемет сәйкес келуінің нәтижесі: драматикалық, философиялық және стилметриялық. Бірқатар диалогтар, дегенмен, осы үш топтың біреуіне де кірмейді, сондықтан Кенни жоғарыда атап өткен өлшемдер жиынтығын зерттеп ықтималды хронологияны сипаттайды.

Осылайша, біз софистер философиясына және Сократ философиясымен таныстырған дереккөздерге қысқаша шолуымызды аяқтадық. Келесі дәрісте біз сіздердің назарларыңызға Энтони Кеннидің Сократтан Платонға дейінгі антик философиясының талдауын ұсынамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Протагордың «Адам – барлық заттың өлшемі» деп айтқан нақыл сөзінің мәні неде?
2. Горгийдің «Еленаны мадақтау» жұмысын оқып, баға беріңіз. Горгий Еленаны қорғау үшін қандай риторикалық сөздерді пайдаланады?
3. Сократтың ізбасарларында оның софистерге деген көзқарастарына қатысты пікірлері не себепті екі ойлы болды?
4. Сократты не үшін айыптады және олар дәлелді болды ма?
5. Тарихшы Ксенофонт пен философ Платонның Сократ іліміне қатысты көзқарастарының айырмашылығы неде?

Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Ф. Лосева. (Серия «Философское наследие»). М., Мысль, 1979. 624 стр.
3. Вольф М.Н., Софистика. Горгий Леонтийский: трактат «О не-сущем, или О природе» в современных интерпретациях: учеб. пособие. Новосибирск: РИЦ НГУ, 2014. – 249 с.
4. Ксенофонт, Сократические сочинения: [перевод с древнегреческого] / Ксенофонт; [вступ. ст. и примеч. С. Соболевского]. - М.: Мир книги : Литература, 2007. – 367 с.
5. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект. – 2017.